



Мұнайлы

Газет
2009 жылдың
01 мамырынан
шығады

Әлке

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті
№14 (30), желтоқсан, 2011 жыл



*Жаңа
жылыңызбен!*



Мұнайлы Әлке

Газет
2009 жылдың
01 мамырынан
шығады

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті
№14 (30), желтоқсан, 2011 жыл



Құрметті әріптестер!

Санаулы күндерден кейін еліміз тағы бір жылды артқа тастап, 2012 жылға аяқ басқалы отыр. Жаңа жыл – жаңа арман, жаңа міндеттердің бастауы.

Өсіп-өркендеу жолына түскен Қазақстан жүрісінен жаңылмай, арындап алға басты. Ел Тәуелсіздігінің 20-жылдығында еліміз айтулы жетістіктерге жетіп, абыроймен биіктерден көріне алды. Еліміз аман, жұрттымыз тыныш, бауырымыз бүтін болды. Халықтың әл-ауқаты өсіп, мемлекетіміздің абыройы асқақтады.

Үлкен-кішіге бірдей айтылатын осы сөз арқылы ақ ниетпен өткен жылды шығарып салып, ақ тілекпен жаңа жылды қарсы алатын ағайынға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа – бақыт пен шаттық тілеймін.

Құрметпен,
Бас директор

Мағауов Ә.М.

Уважаемые коллеги!

Примите сердечные поздравления с наступающим Новым годом!

Подводя итоги уходящего года, мне бы хотелось отметить, что этот год был особо значительным для АО «Мангистаумунайгаз» в части достижения весомых результатов в производстве и внедрения новых технологий. В частности, мы достигли рекордных цифр по добыче нефти за последние 17 лет в объеме 5750 тыс. тонн.

Также в этом году Обществом значительно улучшены трудовые и жилищные условия рабочих. Введенная электронная система учета питающихся значительно улучшила организацию общественного питания; на месторождении Каламкас строятся новый спортивный зал, общежития и столовые; отремонтирована автодорога Актау-Каламкас, от состояния которой напрямую зависит безопасность жизни и здоровья пассажиров в пути; строятся и ремонтируются спортивные залы на месторождении Жетібай и Асар; в вахтовых поселках были улучшены условия быта (построены душевые комплексы); спортивный зал и школа искусств в поселке Жетібай, в строительстве которых Общество принимало участие, уже введены в эксплуатацию; произведены ремонтные работы и улучшены условия объектов ДООЦ «Алау».

Пусть Новый 2012 год станет годом достижений во всех делах и начинаниях, пусть исполнятся все ваши замыслы и планы.

Желаю, чтобы следующий год каждому из нас принес благополучие и успех, подарил новые блестящие идеи и помог их воплотить в жизнь. Пусть в наших семьях царит мир и взаимопонимание, а любовь близких людей неизменным горячим пламенем будет согреть в любую минуту.

От всей души желаю вам и вашим близким благополучия, счастья и крепкого здоровья!

С уважением,
Первый заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз»
Сунь Сипыньон

ТАҒАЙЫНДАУЛАР



22 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Мангыстау облысының әкімі болып Бауыржан Әлімұлы Мұхамеджанов тағайындалды.

Б.Мұхамеджанов – 1960 жылы 26 қарашада туған.

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген (1983 ж.), заңгер. Заң ғылымдарының докторы (2008 ж.).

1983 жылдан – С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихи кафедрасында сынақ мерзімінен өтуші-зерттеуші, кафедра ассистенті.

1990 жылдың шілдесі айынан – ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Заңнама және құқықтық тәртіп мәселелері бөлімінің аға кеңесшісі, заңдардың орындалуы жөніндегі секторының меңгерушісі.

1991 жылдың қыркүйек айынан – ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Заңнама, құқықтық сараптама және тағдау мәселелері жөніндегі бөлім меңгерушісінің орынбасары.

1992 жылдың қаңтар айынан – ҚР Жоғарғы Кеңесі төрағасы хатшылығының меңгерушісі.

1993 жылдың қаңтар айынан – ҚР Жоғарғы Кеңесі Заңнама, құқықтық сараптама және тағдау бөлімінің меңгерушісі.

1994 жылдың ақпан айынан – ҚР Президенті және Министрлер кабинеті Аппаратының Заңнама бөлімінің меңгерушісі.

1994 жылдың маусым айынан – ҚР Президенті Аппаратының Заңнамалық бастамалар және құқықтық сараптама бөлімінің меңгерушісі.

1995 жылдың қараша айынан – ҚР Президенті Әкімшілігінің Заңнама және құқықтық сараптама мәселелері жөніндегі бөлімінің меңгерушісі.

1996 жылдың желтоқсан айынан – ҚР Президенті Әкімшілігінің Заңнама және сот жүйесі мәселелері бөлімінің меңгерушісі.

1997 жылдың қазан айынан – ҚР Әділет министрі.

2000 жылдың қыркүйек айынан – ҚР Президенті Әкімшілігі жетекшісінің орынбасары.

2002 жылдан – ҚР Премьер-министрінің орынбасары. 2003 жылдан – ҚР Президенті Әкімшілігі жетекшісінің орынбасары.

2005 жылдан – ҚР Ішкі істер министрі.

2009 жылдың сәуір айынан бері – ҚР Парламенті Сенатының депутаты.



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы болып Леззат Қимов тағайындалды

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің келісімі бойынша «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының шешімімен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Болат Ақполақовтың лауазымы тоқтатылды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі болып Леззат Қимов тағайындалды.

Леззат Қимов Кетебайұлы 1949 жылы туған, ұлты - қазақ, білімі жоғары, 1971 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген, тау-кен инженері. Техника ғылымдарының докторы.

Халықаралық инженерлік академияның академигі.

Институтты тәмамдағаннан кейін «Жетібаймұнай» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнай мен газ өндіру жөніндегі операторы болып еңбек бастайды. Кейін осы басқарманың аға инженері, өндіріс тағдау зертханасының жетекшісі болып істейді. 1977-1979 жылдары Мангыстау облыстық партия комитеті өнеркәсіп-көлік бөлімінің пұсқаушысы, 1979-1982 жылдары «Мангышлақ-мұнайхимөнеркәсіп» аумақтық-өндірістік басқармасының бас инженері, 1982-1987 жылдары «Каражанбастермұнай» мұнай-газ өндіру басқармасының қабаттардың мұнай беруін арттыру және ұңғымалар толық жөнделуден өткізу жөніндегі Каражанбас басқармасы бастығының қызметін атқарады.

1987-1992 жылдары «Комсомолмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы, 1992-1993 жылдары «Мангышлақмұнай» өндірістік бірлестігінің бас директоры, 1993-1995 жылдары Мангыстау облыстық әкімшілігінің басшысы, 1995-1997 жылдары мұнай және газ өндірісі министрінің орынбасары, 1997-1999 жылдары Каспий құбыры консорциумының бас директоры, 1999-2002 жылдары Мангыстау облысының әкімі қызметін атқарады. 2002-2003 жылдар аралығында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамының президенті, 2003-2011 жылдары Қазақстан Республикасы энергетика және минералдық ресурстары вице-министрі қызметтерін атқарды.

«Парасат» орденімен, «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» медалімен марапатталған.



«ҚазМұнайГаз» АҚ жаңа Бас директор сайланды

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ («КМГБӨ»), «Компания» 2011 жылдың 22 желтоқсаны күні Команияның Басқарма төрағасы (Бас директор) Аскар Балжановтың өз өкілеттігін алып тастағанын хабарлайды. Бұған дейін Директорлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарған Алик Айдарбаев Компания Басқармасының төрағасы (Бас директор) болып сайланды. Директорлар кеңесінің жаңа Төрағасы сайланғанға дейін Директорлар Кеңесінің Төрағасы міндетін уақытша Сенеіпал Отағалиев атқаратын болады.

Алик Айдарбаев 2011 жылдың 6 мамыры күні Директорлар кеңесінің кезектен тыс отырысында Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды. Айдарбаев мырза В. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген, 1985 жылдан бері мұнайғаз саласында жұмыс істейді. Мұнайғаз өндірісінде кәсіби дамуың барлық саатыларынан өтті, аға геолог, кейіннен технолог, мұнай және газ өндіру шебері, «Мангышлақмұнай» ӨБ «Жетібай-мұнай» МГӨБ мұнай және газ өндіру цехы бастығының орынбасары қызметтерін атқарды. Өзгүртіл жылдарда «Өңтүстікқазмұнайгаз» өндірістік бірлестігінде басшылық қызметтер атқарды. «Торғай Петролеум» және «Мангыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры қызметтерін атқарды. 2011 жылдың сәуірінде желтоқсан айына дейін – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директоры болып қызмет атқарды.

САЙЛАУ - 2012

Мангыстау облыстық маслихатының депутатын сайлау жөнінде №11 сайлау округінің округтік сайлау комиссиясының ХАБАРЫ



Мангыстау облыстық маслихатының депутаттығына кандидат етіп тіркеу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 104 бабының 1 тармағына сәйкес Мангыстау облыстық маслихатының депутатын сайлау жөніндегі №11 сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы 2011 жылы 12 желтоқсанда Мағауов Әсет Маратұлының, 1972 жылы туылған, қазақ, «Мангыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры, Ақтау қаласында тұратын, «Нұр Отан» ХДП ұсынған Мангыстау облыстық маслихатының депутаттығына кандидат етіп тіркеп, оған Мангыстау облыстық маслихатының депутаттығына кандидат куәлігін тапсырды.

Мангыстау облыстық маслихатының депутатын сайлау жөніндегі №24 сайлау округінің округтік сайлау комиссиясының ХАБАРЫ



Сәрсенбай Нұрпейіс Мизамбайұлының Мангыстау облыстық маслихатының депутаттығына кандидат етіп тіркеу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 104 бабының 1 тармағына сәйкес Мангыстау облыстық маслихатының депутатын сайлау жөніндегі № 24 сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы 2011 жылғы 12 желтоқсанда Сәрсенбай Нұрпейіс Мизамбайұлының, 1972 жылы туылған, қазақ, «Каламкасмунайгаз» өндірістік басқармасының бастығы, Шебір селосында тұратын, кандидаттыққа «Нұр Отан» ХДП ұсынған, Мангыстау облыстық маслихатының депутаттығына кандидат куәлігін тапсырды.

Мангыстау облыстық маслихатының депутатын сайлау бойынша №25 сайлау округінің округтік сайлау комиссиясының ХАБАРЫ



Кетебаев Атқошы Аманғалиұлының Мангыстау облыстық маслихатының депутаттығына кандидат етіп тіркеу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 104 бабының 1 тармағына сәйкес Мангыстау облыстық маслихатының депутатын сайлау жөніндегі № 25 сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы 2011 жылғы 12 желтоқсанда Кетебаев Атқошы Аманғалиұлының, 1964 жылы туылған, қазақ, «ММГ» АҚ ҚКБ ақпараттық қауіпсіздік аға инспекторы, Ақтау қаласында тұратын, кандидаттыққа «Нұр Отан» ХДП Мангыстау облыстық филиалы ұсынған, Мангыстау облыстық маслихатының депутаттығына кандидат куәлігін тапсырды.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті мұнайшы әріптестер!

Сіздерді алда келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын!

2011 жылы есте қалған ерекшеліктері:

1. Алғаш рет №1, 2, 3, 11 жатақханаларға күрделі жөндеу жасалып, мұнайшылардың тұрмыс жағдайы жақсарды.
2. Қаламқас кенорнында кең көлемде Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі аталып өтті.
3. Соғұр айында Елбасымыз Президенттікке қайта сайланды.
4. Астана қаласының туған күні - 6 шілде күні Сырым есімді ер балалы болдым.
5. Маңғыстау мұнайына 50 жыл толып, Республика көлемінде аталып өтті.
6. Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы.

№4 МГӨК бойынша өндірістік мәдениет және техника қауіпсіздігіне сәйкестендіру бойынша № 21, 35, 33, 38, 42, 18, 19-шы топтық қондырғыларда ауқымды жұмыстар жасалып, толығымен аяқталды.

Алда келе жатқан 2012 жылда Қазақстан алдығы қатарлы дамыған 50 мемлекеттің қатарына кірінуіміз біз де өз еңбегімізбен, мұнай өндіру көлемін арттыру арқылы үлесімізді қосайық.

Жаңа-жыл жақсылық әкеліп, жаңа табыстарға жете берейік, мұнайымыз көбейе берсін.

Баршаңызға зор денсаулық, жемісті еңбек, мол табыс, жаңұяларыңызға жақсылық, құт берекесі, ұзақ ғұмыр тілеймін.

Жаңа-жыл құтты болсын!



Ақмурзин Қ.М.

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №4 МГӨК бастығы

Мен өзім жасап жүрген №3 топтық қондырғыда сапалы түрде ұңғалардан мұнай өнімін өндіру мен үшін үлкен қуаныш. Мен өзім 1981 жылдан бастап оператор болып жұмыс жасаймын.

“Маңғыстаумұнайгаз” АҚ Жетібай кентінде мұнайдың 50 жыл торқалы тойын атап өтті. Осы мереке біздің ардагерлерге, кейінгі ұрпаққа да үлкен қуаныш. Осы тойда мұнайшылардың еңбегін бағалап, алғыс хаттар мен құрмет грамоталары берілді.

2012-жылда өзім еңбек етіп жүрген ұжымға, барлық әріптестеріме денсаулық, жаңұяларына аманшылық тілеймін!



Досмұханбетова Роза,

“ЖМГ” МГӨК-2 операторы

“Маңғыстаумұнайгаз” АҚ-ның мұнайшылары!

Сіздерге мықты денсаулық, бақыт, молшылық, еңбектеріңізге үлкен табыс тілеймін, елімізде бейбітшілік болсын!

Өткелі отырған 2011 жыл да өзінің ерекшеліктерімен есте қалмақ. Біріншіден, Жетібайда мұнайдың алғаш фонтан атқылауына 50 жыл толып, осы тойдың кен ауқымды тойлануы, екіншіден, жанұямызда төртінші немереміз Абзал дүниеге келді, жолдасым Құмұрат 60 жасқа толып, екі той бірге тойланды.

2012 жылы Маңғыстау мұнайшыларының және бүкіл халқымыздың әлеуметтік жағдайы өте жақсы деңгейге жетеді деп үміттенемін.



Елаева Балиш,

“Жетібаймұнайгаз” ӨБ ОИТҚ шебері

Жаңа жыл

Ең жақсы күн Жаңа жыл қай елде де, Қызығы ортақ кедей мен бай елге де. Мен отырмын өзімдей бақыт тілеп Жер жүзіндегі мұнайшы бар елге де.

Нұрланса екен шыршаның оттарына, Қуанса екен сөбидің тақтағына. Мейірімін жүректің жоғалтпаса Жығылмаса тағдырдың соқағына.

Мұнай деген қара алтын, ағып жатқан дария, Кешегі жүрген жас маман, бүгін міне қария. Құтты болсын жаңа жыл, құтты болсын ағайын, Қауіпсіздігімізді сақтайық, аман болсын жаңұя.

ДТБ, ОТ и ООС



Для меня и моей семьи уходящий год был ознаменован переездом в этот город. Оптимистка по жизни, я всегда верю в то, что всё делается только к лучшему. И в этот раз новый город подарил мне прекрасные новые впечатления, новых друзей, многих из которых я встретила в АО «Маңғыстаумұнайгаз». В сложной, но интересной области недропользования мне помогли разобраться многие работники компании, за это им большое спасибо!

Что я хочу в следующем году? Продолжить работу над решением важных задач для нашей компании, добиться личных профессиональных успехов, а летом посетитъ загадочную Индию и насладиться поездкой на спине слона.

В новый год, как всегда, пожелаю хотеться очень много. Но вспоминается интересный факт: после распада Советского Союза в 1991 году поздравлять народ было некому. Было решено дать слово известному сатирику Михаилу Задорнову. По неопытности он не уложился в отведенное для речи время, и Новый год пришёл в новую страну на полторы минуты позже. Поэтому постарайтесь сказать кратко.

Дорогие коллеги! Новый год уже совсем близко. Пора загадывать желания. Пусть сбудутся ваши самые заветные мечты! Пусть рядом с вами будут самые дорогие и самые близкие люди! Пусть всё будет хорошо! Будьте счастливы! С новым 2012 годом!



Ольга Рыльская, юрист-консульт отдела корпоративного управления Департамента правового обеспечения и корпоративного управления

Құрметті мұнайшылар!

Елімізге сиңі берген, талай табыс, мол мейіріммен келе жатқан Жаңа 2012 жыл баршаңызға құтты болсын!

Сіздерге және жаңұяларыңызға амандық, қажымас қайрат тілеймін, жұмыстарыңыз табысты әрі жемісті болсын! Еліміз тыныш, халқымыз аман болсын! Ел экономикасы дамып, еліміз үздік оңдыға кірінуі тілектесіпін!

Шығыс күнтізбесі бойынша келе жатқан 2012 жыл – Айдаһар жылы әрбір отбасына бақыт пен нұр әкелсін!

2011 жыл біздер үшін табысты жыл болды деп есептеймін. Ұңғаларды бұрғылау және жөндеу жұмыстары жоспардан ілгері орындалуда.

Өндірістік департамент басшыларының қолдауымен екі өндірістік сынау тәсілі жобасы жүзеге асырылып, сынақтан өтіп, қоғамға бірнеше миллиондаған қаржылық пайда келтірілді.

Жаңа жылда жаңа биіктерден көрінеміз деген үміт пен сенімдемін!



Демеуев Галбай, өндірістік департаменттің ұңғыны бұрғылау және жөндеу бөлімі аға инженері

От всей души поздравляю всех казахстанцев и сотрудников АО «Маңғыстаумұнайгаз» с наступающим Новым 2012 Годом! Примите самые искренние пожелания ярких профессиональных успехов, новых побед и достижений, крепкого здоровья, радости и счастья, мира и благополучия! Желаю, чтобы каждый день будущего года открывал новые перспективы, а рядом всегда были хорошие друзья и надежные партнеры, удачи во всех ваших начинаниях!

Пусть родители, коллеги, друзья и близкие радуют вас пониманием и поддержкой. Желаю вам, вашим семьям и коллективам праздничного настроения в наступающем году, пусть удача и успех никогда не покидают вас!



Ван Юшань, начальник отдела разработки департамента геология и разработки месторождений

Өлкеміздің баға жетпес байлығы – қара алтынмызды өндіру жолында аянбай еңбек етіп, егеменді еліміздің экономикасының қарқынды дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген Қоғамымыздың барлық мұнайшыларына Жаңа Ұлу жылында тілейтін ақ тілегім - дүниедегі барлық жақұттың лағал тастарынан да қымбат – ДЕНСАУЛЫҚ, адамзат бақытының ең биі шыңы – ЖАНУЯ ШАТТЫҒЫ, адал еңбек сыйы – МОЛ ТАБЫС.

Өткелі отырған 2011 жыл менің де және барлық отандастарымыздың да жадында Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық салтанатты мерекесімен ерекшеленді. Елбасымыздың бүкіл жер жүзі мойындаған, тіпті кейбір мемлекеттерге бағыт-бағдар бола білген дана да дара саясатының арқасында, Қазақстан соңшама қысқа мерзім ішінде, яғни, әдеби тілмен айтқанда «барыңша атылып», бүгінгі таңдағы гажайып экономикалық және саяси жетістіктерге жетіп отыр.

Білайында, елімізде «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман бола беріп», көк аспанымызда бейбітшіліктің көк байрағы желбірей берсін!



Е. Арыстан, көлік департаменті автопарк механигі



Геология және кенорындарын пайдалану департаментінің барлық геолог әріптестерінің және өзінің атынан барлық мұнайшыларды жаңа жылдарыңызбен құттықтаймын. Жаңа 2012 жыл көрсейіп-көбею, өсіп-өну, мақсат-мұраттарға жету жылы болсын!

Жаңа жыл қашан да әр адамның жүрегіне жаңа үміттер мен жаңа жоспарлар, асқақ армандар ұялатып, гажайып қиялдарға көл созыратын ең сүйікті мерекеміз. Сіздерге жаңа жетістіктер мен кәсіби табыстар тілеймін. Бұл 2012 жыл жақсы өзгерістерге, қуанышты кездесулерге, бақытты оқиғаларға толы болсын.

Барша адамзат бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, Жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен, нық қадаммен аттанғанды қалайды.

Келер жылда отбасыңызға құт-береке, қызметіңізге өрлеу тілеймін. Денсаулығыңыз күйлі-қуатты, бақытыңыз баянды, көңіл-күйіңіз тамаша болсын. Алдағы 2012 жыл сіздерді тек оң өзгерістерімен, ұмытылмас сәттерімен, қызықты кездесулерімен қуантсын. Ортақ шаңырағымыздың жарқын келешегі үшін еңбектеніп жүрген барша мұнайшыларымызға бейбіт өмір, тыныштығы мол жақсылықтар тілеймін.

Өткелі отырған 2011 жылдың қызметтегі ерекшелігін айтатын болсам, жаңа технология - алғашқы рет қолданып бұйырлық бұрғылау әдісін біздің кен орындарға пайдалана бастадық. Нәтижесінде тәулігіне шамамен 70-100 текшеметр таза мұнай алуға мүмкіншілігіміз бар. Бұл тәжірибелеріміздің барлығы сәтті нәтиже беретін болса, жоспарлаған мұнайымызды орындауға мүмкіншілігіміз әлдеқайда көп болады деген ойдамын. Жылдан жылға мұнайымыздың жоспары да көбею үстінде, осыған байланысты жаңа технологияларды қолдансақ әрі жоспар орындаймыз және мұнайшылар үшін де жаңа технологияларды меңгеріп білген мол тәжірибе жинауға өсерін тигізет деген ойдамын.

Жаңа 2012 жыл барлықтарымызға жақсылығын алып келсін, қызметте де, жанұяда да үлкен жетістіктерге жеткізсін дегім келді.

Мұқашев Марат, геология және кенорындарын пайдалану департаменті бөлім бастығының орынбасары, Жетібай кенорындары тобының модельдеу секторының жетекшісі



Есімде әлі сол Жаңа Жыл...

Ескі жылмен хош айтысып, өткен-кеткенді сараптап, жаңа мүмкіндіктерге толы Жаңа жылды жаңа үмітпен қарсы алу біздің қоғамымызда Кеңес дәуірінде орын алды. Өйткені осы кезден бастап ежелгі көшпенді қазақ халқы жыл санауды жаңа күнтізбекпен бастайтын болды.

Жаңа жыл – қызықты оқиғаларға толы көңілді мейрам. Біз «Мангистаумұнайгаз» компаниясының қызметкерлерінен Жаңа жылды қарсы алғанда бастарынан кешірген қызықты оқиғаларын айтып беріп, газет оқырмандарымен бөлісуді өтініп едік.



шыға келдім.

«Амансындар ма, балалар! Мен сендерге алыстан, Байқоңырдан ат арытып келдім, алыс жолдан шаршап келдім. Аталарыңа айтып беретін өлең-тақпақтарым бар ма, менің көңілдімді көтересіңдер ме? Сендерге дайындаған сыйлықтарым бар» – дедім. «Мама, мына, маған 2 подарқы берші!» – дедей ма, мені танып қалған балам Мирас. Оған қалғандары пулап жатыр: «Бұл сенің маған емес, бұл – Аяз ата!» деп. Мирас жеңістік беретін емес. «Жоқ, бұл менің мамам!» деп қоймайды. «Мен Аяз атамын, балам» деп мен жұрпін. Содан не керек, әйтүп-үйтіп, балаларға өлең-тақпақ айтызып, сыйлықтарын беріп, көңілдерін көтердім. Олар кетесін, Мирас өкпесін айтып жатыр: «Мама, мен сені таныдым. Аяз ата емес, ол сенсің. Маған неге 2 подарқы бермедің?» деп. Сондай бір қызық болған... Үйдің дастархан басында отырып есіме алсам, беріміз күлмеді.

Жеміс Құдайбергенова, әкімшілік-әділеттік мәселелер жөніндегі Департаменттің компьютерлік көшірме-көбіту жүйесінің операторы:

– Мен компанияда 2006 жылдан бері жұмыс жасаймын. Жолдасым да осында, көлік департаментінде жүргізуші болып істейді. Отбасымызда төрт баламыз бар. Жаңа жыл демекші, менің есіме мынадай бір қызықты оқиға түсіп отыр. Жаңа жылда менің Аяз ата болып киініп, көрші-көлемдерді құттықтап шығатын әдетім бар. Сондай бір Жаңа жылдың қарсаңында, 30 күні үйімізге ағайындар келе қалмай ма? Өздерімен ерте келген оншақты баласы бар. Үйімізге елқа құрып қойғанбыз. Шай ішіліп, тамақ ішкеннен соң, балдарға көріңбей, мен түпкі бөлмеге кіріп кеттім де, Аяз атамның костюмін киіп,



Рахымжан Белгиев, «Мангистаумұнайгаз» акционерлік қоғамы геология және кенорындарды игеру Департаменті директорының орынбасары:

– Жаңа жыл мерекесін үлкендерден көрі балалар жағы көбірек күте ме деймін. Өйткені бұл мейрамың ертегіге ұхсайтын жақтары көп. Аяз ата мен Ақшақардың келуі, балаларға сыйлық үлестіру, үйге шырша қойып, оны безендіру – осының бәрі Жаңа жылдың балалар мерекесіне көбірек келетіндігін дәлелдейді. Сондықтан да балалар, олар Жаңа жылды асыға күтеді.

Біздің отбасымызда екі кішкентайымыз бар. Ақботамыз 2005 жылғы, Ақансеріміз – 2006 жылы дүниеге келді (екуі де ақпан айында туылған). 31 желтоқсан күні үлкен ағамыздың үйіне барып, құттықтап шығатын отбасымыздың дәстүрі бар. Сол әдетімізбен былтыр ағамыздың үйіне баратын болдық. Үйден шығып бара жатып, балаларға білдірмей, үйде құрылу тұрған шыршаның астына екеуіне екі сыйлықты тығып қойдық. Сөйтіп аға-жеңгемізді барып, құттықтап шығып, он екіге шамамен жарты сағат қалғанда үйімізге қайтып келдік. Балаларды шыршаның қасына әкеліп, «Мәссаған, Аяз ата келіп кеттіңіңі ғой біз жоқта. Сендерге сыйлық тастап кеттіңіңі де, өзіміз қойып кеткен сыйлықтары шығарып, балаларға табыстадық. Олар мээ-мейрам болып жатыр».

Енді биыл, сәл есейіп қалды ғой екеуі де. «Аяз атаға хат жазайық. Біздерге жақсы сыйлықтар әкелсін» дегесін, отырып хат жаздық. Өздеріне керек заттарды тізімін хатқа салып, Аяз атаға жіберген болдық. Енді екеуі де «Аяз ата қашан келер екен? Сыйлықтарымызды қашан алар екенбіз?» деп күн санап, күтіп жүр. Әрине, балалардың көңілін шығуды ойлап, сыйлықтарын алдақашан дайындап қойдық. Баламысың деген, балалар күнде сурайды «Жаңа жылға неше күн қалды?» деп...

Еліміз аман, аспанмыз тыныш болсын, ағайын! Жаңа жылда барлықтарыңызға денсаулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!



Деканның орынбасары тәртіпке қатты көңіл бөлетін-ді, әйгілі Мусанов деген адам. Олай болғаны себебі, политика оқытқындардың нобайы – ер балалар. Ал оларға қатты қарамаста тағы болмайды: жайылып кететін түрлері бар.

Кеңес заманының мейрамдары – 7-ноябрь, Октябрь революциясы күні, 5 декабрь – Конституция күні, 23-февраль, 8-март, 1-май, 9-май бар. Бірақ сол мейрамдардың ішінде, әсіресе, Жаңа жылды асыға күтетіміз. Өйткені оның орны бөлек. Кішіге де, үлкенге де бірдей ыстық мейрам. Жаңа жылдың қарсаңында бүкіл деканат «особый режимде» жұмыс жасайды, соның ішінде мезгілсіз уақытта, мерекенің нағыз қызып жатқан кезінде, кенеттен келіп қалатын замдәканымыз Мусанов студенттерді әбден мезі қылатын. Сағат түнгі 12-ден кейін музыка-би дегенді түгел тоқтатып, жарықты сөндіріп, студенттерді бөлмелеріне қуып тығып, таңға дейін кетпей, кезекшілік жасайтын. Ол кездері кеңес мемлекеті азаматтарынан Жаңа жылды бір ермегі бар: таңға шейін теледидардан шетел эстрадасын, «голубой огонекті» қызықтайтын.

Есіме 1984 жылды қарсы алғанымыз түсіп отыр. Бұл кезде біздер 3 курс студенттеріміз. Студенттік өмірге әбден бойымызды үйретіп, төселіп қалған кезіміз. Сақа студенттіз. 12 курстанды Мусановтың қатаң бақылауынан қорқып, 12-ден кейін ұйықты қойтып балаңдықтан кеткен кезіміз. Жаңа Жылды қарсы алу үшін ақша жинап, үй жаладық. Ол кезде жоғары курстың жігіттері мен қыздары қосылып, Алматының жер үйлерінен бас қосқандарға үй жалайтын. Ішіп-жеңіптерімізді, телевизорымызды аркалап, мөз болып жалаған үйімізге келдік. Келсек, кішкентайлау ғана жер үй екен. Алматының жекеменшік секторын білетін адам болса, естерінде болар, үйлерінің сиқы – балшықтан соққан жапатай ескі тамыр, кімста пешпен жылытады. Келе сала үйді тазалауға кірістік, от жағайын десек, пешіміз тартпайды, мәссаған! Күйе-күйе болдық, диккеміз әбден құрыды. Түнімен табылап жамылғының бәрін жамылып, қалыпшап, тісімізді тісімізге соғып отырып, Жаңа 1984 жылды да қарсы алдық-ау... Жастық шақтың ыстық көңіл, албырттық суықты елетіп жатқан жоқ. Мөз болып, шетел эстрадасын таң атқанша қарадық. Ол кезде «мода» болған итальяндық эстрада, онша Тото Кутуньо, «бони-М», «АББА» топтарын сондай бір ерекше ықыласпен тыңдайтын едік. Таңға жақын кішкене көзімізді іліп алдық та, жатақханамызға қайтып келдік. Одан кейін де талай Жаңа жылдарды қарсы алып жүрміз ғой, бірақ сөз бір албырт көңіл қайтып келмес жастық шағымызда қарсы алған Жаңа жыл жадымда сақталып қалды...

Ерлан Қарайшыков, өндірістік Департаменттің ұңғыларды бұрғылау және жөндеу бөлімінің жетекші инженері:

–Мен Маңғыстаудың түлегімін. 1981 жылы Алматыға келіп, қазіргі Сатпаев атындағы, ол кезде Ленин атындағы, политехникалық институтқа оқуға түстім. Ол заманда жоғары оқу орындары республикамызда санаулы-ақ, сондықтан оларға қабылдау талаптары да қатаң. Түсуге талаптанушы көп те, алатын студент саны аз.

Сөйтіп, студент атанып, қызмығ мол студенттік өмірді басымыздан кеніріп жатқан кез. Сатпаев көшесінің бойындағы жатақханада тұрамыз, оқу корпусымыз қасымызда, бір жақсысы. Сол 5 жыл бойы жатақханада тұрдым. Төртін қатты, сәл төртін бұздың ба, оқудан шығарып жібереді.



Дина Борисовна Сиваш, ведуний инженер-программист Департаментінің автоматизация, информационных технологий и связи:

–Я коренной житель Мангистау. Родилась в семье первых покорителей острова сокровищ. Здесь родилась, здесь ходила в садик, затем училась в школе, окончила вуз и вернулась в родной город, продолжила здесь жить и работать. А началось все с того, что отец, служивший в Каспийской флотилии, увидел мис Меловой. Их корабль зашел на мыс, чтобы добрать питьевой воды. Когда он увидел белокаменный мыс, был так очарован его величественной, неземной красотой, что дал себе слово вернуться сюда. Потом он поступил в Бакинский нефтяной институт, окончил его и приехал, как мечтал, на Мангышлак.

Родители любили Новый год встречать весело, шумно. Сами частично наряжались Дедом Морозом и Снегурочкой. Их ждут в гости, называют, где, мол, Сивашы застряли, а они специально выжидают и под бой курантов в костюмах с мешком заваливают.

Для нас, детей, отец тоже пытался Дедом Морозом прийти, ага, лудки, мы сразу его раскусили, что не дед пришел, а папа. Ой, долго пытался убедить в обратном – не помогло!

Всегда квартира облачалась гирляндами, мишурой, серпантинно, игрушками, сами делали украшения, плакаты рисовали, елка – обязательно! У нас и сейчас сохранились игрушки из детства родителей, даже не знаю, из какого материала они сделаны, но очень трогательные. Я уже училась в институте, а новогоднее убранство до моего приезда на каникулы оставляли, чтоб посмотреть, как оно было, так что Новый Год растягивался не на один день, и даже не на месяц. На работе мама тоже устраивала праздники: сценарии-украшения-костюмы. До сих пор те, кто с ней работал, вспоминают. Даже общие моменты находят в моих кабинетных «композициях»: «Татья, Валентина Ивановна тоже так дождик (или там гирлянду) вешала, это у вас фамильное что ли?»

Я уже не та девочка, и папы уже нет с нами. Но остался от папы тот зазор. И в канун Нового года у меня тоже получаются какие-то там выдумки. У нас с друзьями есть такая традиция – с пакетиками подарков мы делаем обход друзей-родственников. В одной из семей нам сказали: «А чего-то вы неправильные какие-то – с подарками, и без костюмов». Ну и все, тут же соорудили «неоприятельные шедевры» из того, что под руку попало. Меня только белой обмотали, гирляндами обвили, дождиком посеребрили, на голову тоже че-то соорудили шуршаще-блестящее, даже косу, какжется, из чего-то смастерили. Деду что-то красное досталось, бечевками подпоясали, пришлось поделиться с ним мишурой, мозалка да вата бородой с усамы стала. Всучили нам шетку на палке, предварительно со вкусом наряженную остатками дождика и лептосчик и выпустили в свет. Вот и потопали мы дальше уже подлоправными подправляльщиками. И с верхних районов до нижних веселили прохожих. Да, исследуя за переделанием получателям подарков пришлось потрудиться: с «злой совестью» требовали какой-нибудь номер исполнить. Подыграли все, и дети, и скрини – кто спел, кто сплясал, кто стипок-анекдот рассказал, главное, довольны были все. Кто-то спать собирался, а тут мы... Веселились от души. А мы еле успели добраться до конечной точки нашего загадочного маршрута под бой курантов.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті әріптестер! Сіздерді Жаңа 2012 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Келер жылдан күтер үміт те, атқарар іс те көп. Жаңа жыл жақсылықтардың бастауы, тұрақтылықтың кепілі, қуаныштардың жарылысы болғай! Шаңырақтарыңызда ғырыс-береке, мемлекетімізде бейбітшілік пен келісім болсын. Үміттеріңіз бен тілектеріңіз орындалып, еліміздің ертеңі жолындағы барлық бастауларыңыз сәтті нәтижелер берсін! Жаңа жыл мерекесі қарсаңында сіздерге шынайы көңілмен бақыт-береке, ынтымақ пен ауызбіршілік, молшылық пен шаттық тілеймін!



Г. Ичанов,

«Манғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік департаменті бас механигі

Өткелі отырған 2011 жылы 55 жасқа шығып, таудай талабы бар балам Әнуар Мәскеуде институт бітіріп, диплом алды. Бұл ұлымның жеткен жетістігі деп білем.

Жаңа 2012 жылдан күтер үмітім мол. Қызым жоғары оқу орнына түсіп, арнайы мемлекеттік білім грантына ие болуын тілеймін.

Еліміздің болашағы жарқын болсын!

Құрметті Мұнайшылар!

Қауіпсіздік басқармасының Қаламқас кенорны бойынша құрамасының ұжымы атынан сіздерді Жаңа 2012 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңа жылда жағымды жаңалықтар мен тәлегей табыс мол болсын! Өрбір игі істер мен жаңа бастамаларыңызға сәттілік серік болып, отбастарыңызға банды бақыт пен бақ-Береке келсін!

Жаңа жыл мерекелі, берекелі болып, мерейлеріңіз үстем, белдеңдеріңіз биік, абыройларыңыз асқақ болуына тілектесіпін!

Жаңа жылда «Манғыстаумұнайгаз» АҚ-ның қауіпсіздік қызметі басқармасының Қаламқас кенорны бойынша құрамасының ұжымы Қоғам мүлкінен шапшау шығармауда қол жеткізген табыстар мен жетістіктеріңіз сақтауға және оны ыңғайлауға күш салады.

Қоғамның әрбір қызметкеріне шынайы көңілмен бақыт-береке, ынтымақ пен ауызбіршілік, молшылық пен шаттық тілеймін!

Еліміздің болашағы жарқын болсын!

Қайрат Әбдіғали,
қызмет бастығының орылбасары

2011 жыл біздің отбасымызға үлкен жаңалық пен қуаныш әкелді. Бұл үлкен қуаныш - өмірге егіз ұл мен қыз немерелеріміздің келуі. Есімдері Әлішер мен Адина. Немерелеріміздің дендері сау, өсіп жатыр (тіл-көзден сақтасын!). Бұл жылы еліміздің тәуелсіздігіне 20 жыл, Манғыстау мұнайына 50 жыл толып, көптеген мұнайшылар медальдармен, сыйақылармен марапатталды.

Сіздерді Жаңа 2012 жылымызбен шын жүректен құттықтаймын. Баршамыз жаңа жылмен бірге ізгі жаңалықтардың келуін күтеміз. Келер жаңа жыл сіздердің барлық істеріңіз бен бастамаларыңызға ақ жол ашып, мол табыстар ала келсін, жетістіктерге толы болсын.

Келе жатқан Ұлу жылы үгілі жыл болып, ел аман, жерімізден шығып жатқан қара атын ел игіліне бұйырсын, жастар арасында жұмыссыздық болмасын. Ұлу жылы елге, халыққа жүректеріне жылулық, сөздеріне нақтылық, көңілдеріне бақыт, армандарына қанат тұрақты махаббат әкелсін!

Өрбір аралап атқан таң БАҚЫТ-БЕРЕКЕ әкелсін. Батқан күндерінің ҚЫЗЫҒЫ мен БІРЫСЫ көп болсын! ЖАҢА ЖЫЛ құтты болып, ЗОР ДЕНСАУЛЫҚ әкелсін!!!

Мұхамбет Жанат,
«Манғыстаумұнайгаз» АҚ ААТЖБД инженер-программисі

Елбасымыздың Қазақстанды әлемдегі мұнай өндірісі 10 елдің қатарына қосу жоспарын іске асыру бағытында «Манғыстаумұнайгаз» АҚ-ның, соның ішінде «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ-нің мұнайшыларының Манғыстаудың қатал табиғатына қарамастан, жаңуларынан 300 шақырым шалғайда, жұмыс жағдайы өте ауыр бола тұра, күн-түн демей еңбек етуі - соның бір дәлелі.

Был тамыз айында Манғыстау мұнайының 50 жылдық мерей тойы өте жоғары дәрежеде атап өтілді. Өңірдегі мұнай өндіретін барлық мекемелерде осы мерекелі шаралар атап өтілді. Ардагер мұнайшылар мен жұмыста ерен еңбегімен көрінген мұнайшылар ҚР үкімет басшысының, мұнай-газ министрінің алғыс хаттарымен және төс белгілерімен марапатталды.

Ойымды жүйелі келе айтарым, Еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдық мерей тойына алынған асулармен тоқтан қалмай, алдағы 2012 жылда еңбек көрсеткішін арттырып, елбасымыз Н.Назарбаев айтқандай 50 елдің алдыңғы қатарынан көрінуге, бірлігімізді жарастырып, еңбек етуге шақырамын. 2012 жыл мұнайшылардың отбастарына берекелі де мерекелі жыл болып келсін, зор денсаулық, қажымас қайрат тілеймін!

Сүйеуов Дастан,
МГӨК №3, 3 -дәрежелі слесарь жөндеушісі

Мен «Жетібаймұнайгаз» мекемесінің №1 цехында 1985 жылдың 16 қаңтарынан бері оператор болып жұмыс жасап келемін. Осы жылдардың ішінде талай қызықты да қиын күндер басымнан өткенін қазір есіме алып отырамын. Былтырғы ұжымдық шарттарға байланысты жағдайымыз жақсарды. Жылна бір рет денсаулығымды жақсартуға еңбек демалысымызға қосымша ақы төленіп жатыр. Осының бәрі еңбегіміздің бағаланғаны деп білемін. 2011 жылы өзімнің еңбегім елініп, дәрежемді көтерді. Кенже қызым да мұнай маманының дипломын алды. Осы жұмысымының арқасында 4 баламды оқытып жетістірдім. 8 немерем бар, бақытты әжемің. Байлығым балаларым деп білемін.



Бибитова Рая,
№1 МГӨК операторы

Келе жатқан 2012 жылдан күтетімін - елдің тыныштығы, бала-келіндерім мен немерелерімнің амандығы. Ұжымдастарыма жаңа жылдары құтты болсын демекшім!

Дорогие коллеги!

Поздравляю вас с наступающим Новым годом!!!

Не все знают про невероятно интересную традицию в Италии. А заключается она в том, чтобы накануне новогодних праздников выбросить из дома все неприемлемые вещи, или просто те, которые надоели вам за целый год. Хотелось бы хоть в какой-то мере последовать итальянской традиции. Конечно, вещи можно не трогать. А вот выбросить из головы всякие грустные воспоминания, ссоры и обиды – идеальный вариант! Благодаря этой несложной «процедуре» в Новом году в нашей памяти останутся лишь чистые и светлые воспоминания о недалёком прошлом. Попробуйте вспомнить всё самое прекрасное и счастливое, что произошло в прошлом году и настроиться на не менее хорошее год.

Так давайте же все вместе поблагодарим этот год за всё лучшее, что в нём произошло, за радость, которую он нам принёс.

Пусть следующий год каждому из нас принесет благополучие и успех, подарит новые блестящие идеи и поможет их воплотить в жизнь. Пожелаем друг другу профессионального роста, оптимизма и веры в себя!

Уходящий 2011 год запомнился мне плодотворной работой, получением нового опыта, участием в благотворительных акциях нашего города, чему несказанно рада. А что касается меня лично, то я научилась кататься на коньках.

От 2012 года (кстати, это мой год Дракона!) жду, как вы понимаете, всего самого наилучшего для меня и моей любимой доченьки.

Сафина Светлана,
ДАИТиС

Уходящий 2011 год в целом для сотрудников Службы безопасности АО «Манғыстаумұнайгаз» был очень удачным. Руководством Службы безопасности при содействии Правления Общества был осуществлен ряд организационных и практических мер по технической укреплённости охраняемых объектов.

В частности, большая работа в этом направлении была проведена на месторождении Жетыбай, где были созданы хорошие условия для работы сотрудников охраны таких объектов, как ЦППН, ПРЦЭО, ПВХМ, ПВХРО, ПЗРО и складов БЗМТС. Охранники обеспечены новыми сторожевыми помшениками, оснащенными связью и электричеством. Благодаря поддержке руководства ПУ «ЖМИ», а также начальников цехов и участков по периметру месторождения Жетыбай были обновлены искусственные ограждения - «обваловки», общей протяжённостью более 47 километров, что позволило ограничить заезд на территорию промысла посторонних автомашин и граждан.

В минувшем году намного улучшилось материально-техническое снабжение Службы безопасности в целом. Благодаря правильной политике руководства Общества для нашей службы были приобретены средства связи и служебные автомашины марки «Тойота-Хайлюкс» и «Фортунер», что позволило охранникам в круглосуточном режиме обеспечить безопасность газо-нефтепроводных коллекторов по маршруту Жетыбай - Асар - Бурмана, Жетыбай - Оймана. Сотрудникам Службы безопасности была пресечена кража резервного нефтепровода на месторождении Асар, попытка кражи резервного нефтепровода на месторождении Оймана.

Принимаемые меры позволили сотрудникам Службы безопасности четко и слаженно исполнять возложенные на них функции по охране газо-нефтепроводных коллекторов и другого нефтяного оборудования от преступных посягательств злоумышленников.

Необходимо отметить, что сотрудники Службы безопасности вносят определенную лепту в развитие и пропаганду здорового образа жизни, активно участвуя во всех спортивных соревнованиях. Наши сотрудники на сегодня закрепились на первом месте по волейболу среди подразделений АО «ММГ». На соревнованиях по футболу, посвященных Дню нефтяников, команда АО «ММГ» заняла 3-е призовое место и в этом немалая заслуга наших сотрудников Службы безопасности.

В заключении хотелось сказать, что в наступающий 2012 год для сотрудников Службы безопасности будет также удачным, так как новогоднюю ночь мы всегда ждем с нетерпением, ведь она наполнена новыми надеждами и планами. В новом в 2012 году желаю родным, близким и коллегам по работе много хорошего и прекрасного.

Старому году оставьте печали,
Забудьте тревоги, обиды, беду
Только здоровья, успехов и счастья
Я вам желаю в Новом году!

Тольтаев Бейбитали Курманевич,
старший инспектор Службы безопасности



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

60 жас

Таяубаев Бисенғали, 24.01.1952 ж. ҚД көлік жүргізушісі

55 жас

Сарбалдина Зинаида Үрділейқызы, 01.01.1957 ж «ҚМГ» ГЖМГОИД геологі

50 жас

Ерқасова Қатжан, 01.01.1962 ж ӘМЖӘДД өндірістік және қызметтік жайларды тазалаушысы
 Корчаков Александр Викторович, 02.01.1962 г Управление «Советник правления»
 Хайров Талғат, 10.01.1962 ж ӘМЖӘДД суды хлорлайтын қондырғысының операторы
 Жаманқұлов Бөкенбай Тоқжанұлы, 12.01.1962 ж «ҚМГ» ТҚЕЖҚОҚД өртке қарсы сақтандыру нұсқаушысы
 Нұрдіанова Маржан Шамилқызы, 20.01.1962 ж медицина-санитарлық бөлімі ӘМЖӘДД дәрігер-эндокринолог

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН!

Наклонная скважина	—	Еңістенген ұңғыма
Раствор	—	Ерітінді, сұлақ
Сливная линия	—	Төгу желісі
Газодобыча	—	Газ шығару
Гидроразрыв	—	Сұйықпен жару
Добыча	—	Өнім, өндіру
Инвентаризация	—	Түгендеу
Инжектор	—	Ауа сорғыш
Нефтесернистые соединения	—	Мұнай-күкіртті қосылыстар
Резьбовое соединение	—	Бұрандалы біріктіру
Забой скважины	—	Ұңғыма түбі
Глушение скважины	—	Ұңғыманы бітеу
Щитовой агрегат	—	Қалқанды агрегат
Сосуд под давлением	—	Қысым астындағы ыдыс
Определение концентрации солей в нефти	—	Мұнайдағы тұздың шоғырлануын анықтау
Определение места притока газа	—	Газ келетін жерді анықтау
Оптимизация процесса, бурения	—	Бұрғылау процесін қолайландыру
Распространение газа в нефти	—	Мұнайдағы газдың тарауы
Закачивание водяного пара	—	Су буын айдау
Закачивание кислоты	—	Қышқыл айдау
Измерение высоты налива нефти	—	Мұнайдың құйылу биіктігін өлшеу
Научно-исследовательская лаборатория	—	Ғылыми-зерттеу зертханасы
Сернистая нефть	—	Күкіртті мұнай
Пластовая нефть	—	Қабат мұнайы
Плотномер	—	Тығыздық өлшегіш
Сепаратор жидкости	—	Сұйықтықты ажыратқы
Снижение давления в пласте	—	Қабаттағы қысымды азайту
Содержание примесей в добываемой нефти	—	Өндіріліп жатырған мұнайдағы қоспалардың мөлшері
Действующий фонд скважин	—	Өрекеттегі ұңғылар қоры
Добываемый флюид	—	Өндірілетін сұйықтық

ТАК ДЕРЖАТЬ!

Работник ПУ «Каламқасмұнайгаз» Бакытжан Сүйеиснов признан лучшим спортсменом 2011 года по кекушинкай каратэ в Казахстане!



Приятная новость застала Бакытжана 16 декабря в Семей, куда он прибыл для участия в спортивных соревнованиях на Кубок Казахстана по кекушинкай каратэ, посвященных 20-летию Независимости Казахстана. Этот год стал одним из лучших в карьере Сүйеиснова, он выиграл чемпионат Казахстана, а также занял четвертое место на чемпионате мира, который впервые проходил в Астане.
 - Диплом лучшего спортсмена 2011 года вручал лично Президент Всеказахстанской организации Кекушинкай каратэ

Тажимурат Найтабеков, - рассказывает Бакытжан. - Стоит отметить, что помимо меня лучшим спортсменом года также был признан мой друг - работник АО «Каражылбасмұнай» Руслан Сүйеков. Пользуясь случаем, хочу поблагодарить начальника своего цеха, руководство ПУ «Каламқасмұнайгаз» и АО «Мангистаумұнайгаз» за всестороннюю поддержку, а также своего тренера Усена Молдағалиева, обучившего меня азам восточных единоборств. Свою победу в номинации я хотел бы посвятить коллегам и тренеру, людям, которые всегда поддерживали меня словом и делом.

Что касается турнира на Кубок Казахстана, то Бакытжан провел четыре боя. В первом - он досрочно (нокаутом) победил соперника из Караганды. Следующий поединок также не вызвал особых проблем у нашего коллеги. В полуфинале Сүйеиснов встречался с хозяином соревнований, спортсменом из Семей. Естественно односторонне большинство отчаянно поддерживали своего земляка, однако это не смутило Бакытжана и он одержал победу по очкам.

Самым упорным оказался, как и следовало ожидать, финальный бой. Бакытжану противостоял спортсмен из Караганды, которого он уже однажды побеждал. После двух раундов мнения боковых судей разделились поровну: два судьи присудили победу Бакытжану, два - его сопернику. В итоге судьбу золотых медалей определял главный судья (судья на ринге). После паузы он присудил победу...спортсмену из Караганды.

Впрочем, Бакытжан не сильно расстроился поражению, впереди новые турниры и надо уже сейчас готовиться к ним. В марте стартует Чемпионат Казахстана по кекушинкай каратэ, по итогам которого лучшие бойцы отправятся на первенство Европы в Италию.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы 2011 жылғы 16 желтоқсан күні Жаңаөзен қаласында орын алған оқиғада қаза тапқандар мен зардап шеккендердің отбасыларына қайғырып, көңіл айтады. Құрбан болғандардың тумаластары мен ағайындарының орны толмас қайғыларын бөлісеміз.

Құрметті әріптестер!

«Каламқасмұнайгаз» ӨБ мұнайшыларының бастамасы бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің және «Нұр Отан» ХДП Маңғыстау облыстық филиалының қолдауымен Жаңаөзен қаласындағы қайғылы оқиғалар кезінде қаза тапқандар мен зардап шеккендердің отбасыларына көмек көрсету қоры құрылды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнайшылары осы қорға өздерінің бір күндік еңбек ақыларын аударуда.

Егер Сіздің де осы қайғырмалдылық парасынан тыс қалмаймын деген ниетіңіз болса, төменде атап көрсетілген есепшотқа материалдық көмек ретінде ақшалай қаражатыңызды аударуыңызға болады.

Көмек қорының реквизиттері:
 Фонд социальной поддержки Демееу Частный фонд
 РПН 430100272091
 АО «Народный Банк Казахстана»
 БИК HSBKZKZKX
 БИН 100340008680
 КБс 18
 № KZ116010231000152615



Мұнайлы Өлке

Меншік иесі:
 «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: А.Ақшаева
 М.Абдуллаева

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
 130000, Ақтау қаласы
 6 ш.а., № 1 үй,
 тел:
 211-736, 211-734

Газет айына 1 рет
 шығады.
 Тегін таратылады

Газет ҚР
 Мәдениет және
 ақпарат
 министрлігінде
 есепке
 қойылып,
 № 9675 - Г
 күнелігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
 ■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
 ■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
 Индексі: 64265
 Таралымы: 1500

«Маңғыстау-Полиграф» ЖШС баспаханасында басылды.
 Ақтау қаласы,
 22 ш.а.
 тел: 750750
 Тапсырыс:
 736